- 25) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 26) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын үлестіру тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына есептегендегі жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;
- 27) қоғамға тиесілі барлық активтерінің жиырма бес және одан да көбірек пайызын құрайтын сомадағы активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру жолымен Қоғам өзге заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

28) Төраға мен Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар мезгілінен бұрын өкілеттілігінің тоқтатылуын анықтау;

29) Заңмен қарастырылған жағдайлар туған кезде Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдау;

30) Жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін белгілеу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын заңға сәйкес белгілеу;

31) әдістеме өзгертулерін бекіту (әдістемені, егер ол құрылтай жиналысымен бекітілмеген болса, бекіту), заңға сәйкес оларды қоғам сатып алған кезде, акциялар бағасын анықтау;

16) шешімін қабылдау Заң мен Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің айрықша құзырына жататын өзге мәселелер жатады.

60. Шешімін қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзырына жататын мәселелерді, егер Қазақстан Республикасының заң актілерімен өзгеше жағдайлар қарастырылмаған болса, өзге органдардың, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзырына беруге рұқсат етілмейді.

61. Жалғыз акционер Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез-келген шешімдерін өзгертуге құқы бар.

12. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

62. Директор Кеңесі, мәселелерін шешу Заң мен Жарғыға сәйкес Жалғыз акционердің айрықша құзырына жататын мәселелерден бөлек, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директор Кеңесінің шешімдері осы Жарғыда белгіленген тәртіпте қабылданады.

63. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Қоғамның Директор Кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындау мезгілінде сыйақы төленуі және (немесе) Қоғамның Директор Кеңесінің мүшелерінің функцияларын атқаруымен байланысты шығындар өтелуі мүмкін. Мұндай сыйақылар мен өтемақы мөлшері Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді.

64. Егер заңмен өзгеше белгіленбеген болса, Директорлар Кеңесінің айрықша құзырына келесі мәселелер:

30) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;

31) Қоғам қызметінің мақсатын белгілеу;

32) мәселелерді Жалғыз акционердің қарауына шығару;

33) орналастырылған акцияларды немесе өзге құнды қағаздарды Қоғамның сатып алуы туралы шешім қабылдау;

34) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту;

35) Қоғамның облигациялары мен туынды құнды қағаздарын шығарудың шарттарын анықтау;

- 36) жарияланған акциялар саны, оларды орналастырудың (сатудың) әдісі мен бағасы шеңберінде акцияларды орналастыру (сату), оның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны туралы шешім қабылдау;
- 37) корпоративті хатшыны тағайындау, оның өкілетті мерзімін анық-тау, өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар корпоративті хат-шының лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және сыйақы төлеу шарттары белгілеу;
- 38) Төраға мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақы мөлшері мен еңбекақы және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
- 39) Қоғамның орталық аппараты пен филиалдары (өкілдіктері) қызметкерлерінің штат лимитін бекіту;
- 40) Қоғамның есептеу саясатын бекіту;
- 41) аудиторлық ұйымдар, сондай-ақ қоғам акциясын төлеуге берілген немесе ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне төленетін еңбекақының мөлшерін анықтау;
- 42) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (атқарушы органдардың қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдаған құжаттарынан бөлек), оның ішінде аукцион өткізу және қоғамның құнды қағаздарына жазылу шарты мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;
- 43) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олардың ережелерін бекіту;
- 44) Қоғамның өзге заңды тұлғалар акцияларының он және көбірек пайызын (жарғылық капиталда үлестік қатысумен) сатып алуы туралы шешім қабылдау, сонымен қатар олардың қызметі бойынша шешім қабылдау;
- 45) Қоғам міндетін оның жеке капиталы мөлшерін он және көбірек пайызын құрайтын көлемге ұлғайту ;
- 46) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда, қоғам тіркеушісін таңдау;
- 47) Қоғам туралы немесе қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын кұпиядан тұратын оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 48) Ірі мәміле және Қоғам қызығушылық танытатын мәмілерді жасау туралы шешім қабылдау;
- 49) Қоғамның бизнес-жоспарын (бюджетін) бекіту, сонымен қатар оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- 50) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің утверждение ортамерзімді жоспарын және оны орындау жөніндегі есебін бекіту;
- 51) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, олардың мүшелерін анықтау, және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 52) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, олардың қызметкерлеріне еңбекақы және сыйақы төлеу мөлшері мен шартын анықтау;
- 53) ағымдағы кредит саясатын құру, кредит салымдарының негізгі бағыттарын анықтау;

54) шағын кәсіпкерлік субъектілері мен қаржыландыруы Жалғыз акционердің Қоғам Басқармасы үшін белгілеген лимитінен асып түсетін микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарына кредит және қаржылай қолдаудың өзге түрлерін ұсынуды мақұлдау (қабыл алмау) туралы мәселелерді шешу;

55) шағын кәсіпкерлік субъектілері мен қаржыландыруы Жалғыз акционердің Қоғам Басқармасы үшін белгілеген лимитінен асып түсетін микроқаржы (микрокредиттік) ұйымдарына және кредиттерді қайта құрылымдау және қаржылай қолдаудың өзге түрлерін пролонгациялау мәселелері бойынша шешім қабылдау;

56) провизия құру есебінен проблемалық заемдар бойынша өндіріп алуға үмітсіз берешекті есептен шығару жөнінде шешім қабылдау;

57) Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешім қабылдау;

58) Жалғыз акционердің ерекше құзырына жатпайтын, Заңмен және Жарғымен қарастырылған өзге мәселелер жатады.

65. Жарғының 61 тармағында белгіленген сұрақтар тізбесі Қоғам Басқармасының шешуіне жіберуге болмайды.

Директорлар кеңесінің Жарғыға сәйкес Қоғам Басқармасының құзырына жататын мәселер бойынша шешім қабылдауына, сонымен қатар Жалғыз акционердің шешіміне қайшы келетін шешім қабылдауына құқығы жоқ.

66. Директорлар кеңесінің мүшелігіне Қоғам акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционер мүдделерінің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлға сайлануы (тағайындалуы) мүмкін.

Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына ҚР Үкіметі сайлауға ұсынған мемлекеттік органдар өкілдері және тәуелсіз директорлар кіре алады.

Мемлекеттік қызметкерлер болып табылатын және өз өкілеттігін лауазымдық міндеттерге сәйкес жүзеге асырушы Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесіндегі өз өкілеттіктері үшін сыйақы алмайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны бес адамнан кем болмайды. Директорлар кеңесінің мүшелері болып табылатын тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелерінің санының үштен бірінен кем болмауы керек.

Директорлар кеңесі құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талап заңға сәйкес белгіленеді.

67. Басқарма Төрағасынан бөлек, Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана (тағайындала) алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана (тағайындала) алмайды .

68. Директорлар кеңесі құрамына сайланған (тағайындалған) тұлғалар, егер заңмен өзге қарастырылмаған болса, бірнеше рет қайта сайлана (тағайындала) алады.

Жаңа Директорлар кеңесін сайлау (тағайындау) жөнінде Жалғыз акционер шешім шығарған кезден бастап, Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталады. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқы бар. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде оның бастамасымен жүзеге асырылады.

Мұндай Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған күннен бастап тоқтатылады.

69. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлаған (тағайындаған) жағдайда, соңғылардың өкілеттігі бүтіндей Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімімен біруақытта аяқталады.

70. Директорлар кеңесінің Төрағасы Заңмен және Жарғымен белгіленген тәртіпте:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және онда төрағалық етеді;

3) отырыстарда хаттаманы жүргізуді ұйымдастырады;

Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның міндетін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесі атқарады.

71. Директорлар Кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Қоғам Басқармасының не болмаса:

1) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;

2) Қоғамда аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;

3) Жалғыз акционердің талабымен шақырылуы мүмкін..

72. Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар Кеңесі отырысының күн тәртібі көрсетілген тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы Директорлар Кеңесінің төрағасына ұсынылады.

Директорлар Кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаппен Директорлар Кеңесінің отырысын шақыруға міндетті Басқармаға жүгінуге құқы бар.

Директорлар Кеңесінің отырысын Директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап түскен күннен бастап, он бес күнтізбелік күннен кешіктірмей, шақыруы тиіс.

Көрсетілген талапты алға тартқан тұлға міндетті түрде Директорлар Кеңесінің отырысына шақырылады.

Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламаны жіберу тәртібін Директорлар Кеңесі анықтайды.

Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламаға сырттай тәртіпте сырттай дауысқа салу үшін, Директорлар Кеңесінің барлық мүшелеріне ұсынылатын бір нысандағы бюллетень де қоса беріледі.

Сырттай дауысқа салуға арналған Бюллетеньде:

- 1) Қоғамның атауы мен орналасқан жері;
- 2) қол қойылған бюллетеньді Директорлар Кеңесінің хатшысына ұсыну күні;
- 3) отырыстың күн тәртібі;
- 4) дауысқа салынған сұрақтар және оларды дауысқа салу варианттары;
- 5) өзе мәліметтер болуы керек.

Бюллетеньдерді Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сырттай дауысқа салуға жіберген кезде, Директорлар Кеңесінің хатшысы олардың дұрыс және бірегей құрылғанын өз қолымен растайды.

Директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және өткізілетін орны, күн тәртібі туралы мәлімет, сонымен қатар көзбе-көз отырыс өткізген уақытта Директорлар Кеңесі мүшесі отырысқа қатыса алмайтын болса, күн тәртібі бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы дауыс беру мүмкіншілігі туралы түсіндірме болуы тиіс.

73. Директорлар Кеңесінің мүшесі Директорлар Кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы жайлы Басқармаға алдын ала ескертіп қоюға міндетті

74. Директорлар Кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Директорлар Кеңесі мүшелерінің санының жартысынан кем болмайтын санды құрайды және қатыспаған Директорлар Кеңесі мүшелерін (олардың жазбаша түрде берген дауыстары бар болса) есепке ала отырып, айқындалуы мүмкін

Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақтың алдыңғы абзацында анықталған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар Кеңесі Директорлар Кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) жөніндегі мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Директорлар Кеңесінің қалған мүшелерінің мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы шешім қабылдауына құқықтары бар.

75. Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар Кеңесінің шешімдері егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңымен өзге жағдай қарастырылмаған болса, отырысқа қатысып отырған Директорлар Кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар Кеңесі төрағасының дауысы немесе Директорлар Кеңесінің отырысында төрағалық етіп отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар Кеңесі тек Директорлар Кеңесі мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық түрдегі отырысын өткізу жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

Қоғамның қызығушылығы бар мәміле жасау туралы шешім мәміленің жасалуына қызушылығы жоқ Директорлар Кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Егер мұндай мәміленің жасалуына қызушылығы жоқ Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны Директорлар Кеңесі мүшелерінің

жалпы санының жартысынан кем болатын болса, мәмілені жасау туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

76. Қоғамның Директорлар Кеңесі төрағасының қарауынша, оның қарауына шығарылған мәселер бойынша Директорлар Кеңесінің шешім қабылдауы сырттай ауыс беру жолымен шешіледі. Сонымен, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін, бюллетеньдер қолданылады.

Егер белгіленген уақытта алынған бюллетеньдерде кворум бар болса, сырттай ауыс беру арқылы шешім қабылдау қабылданған болып есептеледі. Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде және Директорлар Кеңесі хатшысының және төрағасының қолдары қойылып, ресімделуі тиіс, сонымен қатар онда:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) атауы мен орналасқан жері;
- 2) сырттай отырыс шешімінің жазбаша ресімделген күні мен орны;
- 3) Директорлар Кеңесінің құрамы туралы мәлімет;
- 4) отырыс шақырылымын ұйымдастырған тұлғаны (органды) көрсету;
- 5) отырыстың күн тәртібі;
- 6) шешім қабылдау үшін кворумның болуы/болмауы туралы жазба;
- 7) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы және қабылданған шешім;
- 8) өзге мәліметтер болуы тиіс.

Шешімді ресімдеген күннен бастап, жиырма күн ішінде сол шешімді негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньмен қосып, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберу керек.

77. Көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Директорлар Кеңесінің шешімдері Директорлар Кеңесінің отырысында төрағалық еткен тұлғаның және оның хатшысының қолы қойылып, отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде ресімделуі тиіс хаттамамен ресімделеді және мынадай мәліметтер:

- 1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткен күні, уақыты мен орны;
- 3) отырысқа қатысқандар туралы мәлімет;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауысқа салынған сұрақтар және олар бойынша дауыс қорытындысы;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар Кеңесінің шешімдері бойынша өзге мәліметтер.

Директорлар Кеңесі отырыстарының хаттамалары мен Директорлар Кеңесінің сырттай дауысқа салу жолымен қабылданған шешімдері, сонымен қатар қол қойылған бюллетеньдер Қоғам мұрағатында сақталады.

Директорлар Кеңесінің хатшысы Директорлар Кеңесі мүшесінің талап етуімен оған Директорлар Кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауысқа салу жолымен қабылданған шешімдерді танысып шығу үшін беруі тиіс және (немесе) Қоғамның өкілетті қызметкерінің қолымен және мөр

бедерімен куәландырылған хаттама мен шешімдерден үзінділерді беруге міндетті.

78. Мейлінше маңызды мәселелерді қарастыру үшін және Директорлар Кеңесіне ұсыныстар әзірлеу үшін Қоғамда мынадай мәселелер бойынша:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар мен сыйақы;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;

5) қоғамның ішкі құжатымен қарастырылған өзге мәселелер бойынша Директорлар Кеңесінің комитеттері құрылуы мүмкін:

79. Директорлар Кеңесінің комитеттері Директорлар Кеңесінің мүшелері мен нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Басқарма Төрағасы Директорлар Кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды.

80. Директорлар Кеңесінің комитеттерін құру тәртібі мен жұмысы, сонымен қатар олардың сандық құрамы Директорлар Кеңесімен бекітілетін қоғамның ішкі құжатымен анықталады.

13. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

81. Күнделікті қызметке басшылықты Қоғам Басқармасы жүзеге асырады. Қоғам Басқармасын Басқарма Төрағасы басқарады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заң актілері мен Жарғыға сәйкес өзге органдар мен Қоғамның лауазымды тұлғаларының құзырына жатпайтын Қоғам қызметінің кез-келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға, оның ішінде:

1) Заңмен және Жарғымен анықталған тәртіпте Қоғам атынан мәміле жасауға;

2) Директорлар Кеңесі бекіткен Қоғам қызметкерлерінің штат лимитін (жалпы саны) есептей отырып, Қоғамның құрылымы мен штат кестесін бекітуге;

3) шешім (қаулы) шығарады және Қоғамның барлық қызметкерлері орындаға міндетті бұйрықтар беруге;

4) Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын Директорлар Кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын, құжаттарды бекітеді;

5) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға;

6) Қоғамның меншік капиталының 25 пайызына дейінгі мөлшердегі Қоғам мүлкін басқару туралы шешім қабылдауға;

7) шағын кәсіпкерлік субъектілері мен микроқаржы ұйымдарына, Жалғыз акционер анықтаған лимит шегінде, кредит беруді және қаржылай қолдаудың өзге түрлерін ұсынуды мақұлдау (бас тарту) туралы шешім қабылдауға;

8) шағын кәсіпкерлік субъектілері мен микроқаржы ұйымдарына, Жалғыз акционер анықтаған лимит шегінде, кредит беруді пролонгациялау және қайта құрылымдау және қаржылай қолдаудың өзге түрлерін ұсынуды мақұлдау (бас тарту) туралы шешім қабылдауға;

9) Қоғамның аймақтық филиалдарының Кредит комитеттері үшін шағын кәсіпкерлік субъектілері мен микроқаржы ұйымдарына, Жалғыз акционердің аймақтық филиалдардың Кредит комитеттері үшін анықтаған лимиті шегінде, кредит беруді және қаржылай қолдаудың өзге түрлерін ұсынуды мақұлдау (бас тарту) туралы мәселелерді шешу жөнінде лимит белгілеуге;

10) Қоғамның аймақтық филиалдарының Кредит комитеттері үшін шағын кәсіпкерлік субъектілері мен микроқаржы ұйымдарына, Жалғыз акционердің аймақтық филиалдардың Кредит комитеттері үшін анықтаған лимиті шегінде, кредит беруді және қаржылай қолдаудың өзге түрлерін пролонгациялау және қайта құрылымдау мәселерін шешу жөнінде лимит белгілеуге;

11) провизия құру және материалдарды Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну есебінен проблемалық заемдар бойынша өндіріп алуға үмітсіз берешекті есептен шығару туралы мәселелерді қарастыруға;

12) тиісті құрылымдық бөлімшелер есебін тыңдау нәтижелері бойынша провизия құру туралы Директорлар кеңесінің отырысына ұсыныс енгізуге;

13) шағын кәсіпкерлік және микроқаржы (микрокредит) ұйымдарына кредит және қаржылай қолдаудың өзге түрлерінің лимитін (бір заемшыға лимит; кредиттеу мерзімі бойынша лимиттер, қолданыстағы бағдарлама бойынша жалпы лимиттер) анықтау жөнінде Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсыныс жасауға;

14) құны қоғам активі құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес пайызынан аспайтын негізгі құралдарды есептен шығару және сату жөнінде шешім қабылдауға;

15) Қоғамның ішкі кредит саясаты мен кредит қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауға;

16) Кредит комитеті Төрағасының Кредит комитетінің қызметі туралы тоқсан сайынғы есебін, құрылымдық бөлімшелері мен қоғамның өзге органдары басшыларының есептерін (қажет болған жағдайда) тыңдайды;

17) Қоғамның ішкі кредит саясатына сәйкес ломбардтық кредиттеу турлы шешім қабылдайтын уәкілетті тұлғаларды бекітуге;

18) Кредит комитетін құру, оның саны, жеке құрамы мен Кредит комитеті Төрағасының кандидатурасы туралы шешім қабылдауға;

19) Қоғамның өзге басқару органдарының айрықша құзырына жатпайтын, Қоғам қызметін қамтамасыз етумен байланысты өзге мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

82. Басқарма Директорлар Кеңесінің мүшелеріне, оларға жүктелген функцияларды орындау барысында, дер кезінде Қоғам қызметі туралы ақпарат, оның ішінде құпия түрдегі ақпарат, сұраныс түскен мезгілден бастап, он күннен кешіктірмей мезгілінде беруді қамтамасыз етеді.

83. Басқарма Жалғыз акционер мен Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

84. Мәміле жасалар кезде тараптар осындай шектеулердің барлығын білгенін дәлелдейтін болса, Қоғам Басқарма жасаған мәміленің Қоғам белгілеген шектеулерді бұзып жасалғанының растығын дауласуға құқылы. .

85. Қоғам қызметкерлері Басқарма мүшелері болып табылады.

Атқарушы орган мүшесі өзге ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқы бар.

Басқарма мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындаулары және Қоғам мен Жалғыз акционер мүддесін мейлінше білдіретін әдістерді пайдаланулары тиіс.

Басқарма мүшелері Қоғам мүлкін пайдаланбауы қажет немесе оны Жарғыға, Жалғыз акционер мен Директорлар Кеңесінің шешімдеріне қарсы әрекетте пайдалануға, сонымен қатар жеке мақсат үшін және өз аффилиирленген тұлғаларымен мәміле жасаған уақытта қиянат жасап пайдалануға жол бермеуі тиіс.

Басқарма мүшелері шығын болдырмау үшін, Қоғам қызметін Басқарма отырысын шақыруға бастамашылық, Басқарма Төрағасын хабардар ету жолымен немесе пайдалы өзге әдіспен оңтайландыру үшін тиісті шаралар қолдануға міндетті.

Басқарма мүшелері өздері жетекшілік ететін мәселердің жағдайы жөнінде Басқарма Төрағасын хабардар етіп отырады.

Басқарма мүшелерінің өзге функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Жарғымен, сонымен қатар Қоғаммен осы шартты жасасып отырған тұлғаның жеке еңбек шартымен анықталады. Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен Жеке еңбек шартына Директорлар Кеңесінің төрағасы немесе бұған уәкілетті тұлға Жалғыз акционер немесе Директорлар Кеңесі қол қояды.

Өзге Басқарма мүшелерімен жеке еңбек шартына Басқарма Төрағасы қол қояды.

86. Басқарма 3 (үштен) кем болмайтын адамнан тұрады.

87. Басқарма, ереже бойынша, кемінде айына 1 рет жиналады.

88. Басқарма шешімдері қатысушы мүшелердің көпшілік даусымен қабылданады.

89. Басқарма Төрағасы:

1) Басқарманы басқарады;

2) Жалғыз акционер мен Директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады ;

3) оның үшінші тұлғалармен қатынасында Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) үшінші тұлғалармен қатынасында Қоғам мүддесін көрсету құқығына сенімхат береді;

5) Қоғам міндеттемелерін Қоғамның меншік капиталы мөлшерінің 2 пайызға дейінгі мөлшерін құрайтын сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдайды;

6) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату, көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану шараларын жүзеге асырады, («Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңында белгіленген жағдайлардан басқасы) Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен Қоғамның штат кестесіне сәйкес, жалақыға жеке үстеме мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлерінің, Басқарма құрамына кіретін және ішкі аудит қызметі қызметкерлерінен басқасының, сыйақы мөлшерін анықтайды;

7) өзі болмаған жағдайда, оның міндеті Басқарма мүшелерінің біреуіне жүктеледі;

8) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сонымен қатар өкілеттік және жауапкершілік аясын бөліп береді;

9) Қоғамның жұмыс режимін белгілейді;

10) Қоғамның ағымдағы жұмыстарының және перспективті жоспарлар мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

11) Жалғыз акционер алдында Қоғам жұмысы үшін жауапты;

13) заңға сәйкес, Директорлар Кеңесінің алдында есепті жүзеге асырады;

14) Қоғамның банктік және өзге шоттарын ашады;

15) құзыры шегінде бұйрықтар шығарады, өкім береді;

16) Басқарма отырысын шақырады және қажетті материалдарды қарауға жібереді;

17) Қоғам атынан Қоғам қызметкерлерімен жеке еңбек шарттарын (жал туралы шарттар) жасайды және оларды бұзады;

18) Жалғыз акционердің, Директорлар Кеңесі мен Қоғам Басқармасының шешімдерін жүзеге асырады;

19) Қоғам Басқармасы анықтайтын тәртіпте, ішкі нормативті құжаттармен бірге құрылымдық бөлімшелер ережелерін бекітеді;

20) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің ортамерзімді жоспарының және оның орындалғаны жөніндегі есептің әзірлемесін заңмен белгіленген тәртіп пен мерзімде қамтамасыз етеді;

21) Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты қалған барлық мәселелер, Жалғыз акционердің, Директорлар Кеңесі мен Қоғам Басқармасының айрықша құзырларына жатпайтын, орындалуы қажет міндеттер бойынша шешім қабылдайды.

Басқарма Төрағасына қатысты тәртіптік ықпал шараларын Жалғыз акционер қолданады.

90. Қоғамның Басқарма Төрағасының шешімімен Қоғам Басқармасының мүшелеріне белгіленген тәртіпте оның қандай да бір өкілеттігі берілуі мүмкін.

14. Кредит комитеті

91. Кредит комитеті Қоғамның ішкі кредит саясатын жүзеге асырушы тұрақты қызмет атақаратын алқалық комитет болып табылады.

92. Кредит комитетін құру, оның саны, жеке құрамы және Кредит комитеті Төрағасының кандидатурасы Қор Басқармасы шешімінің негізінде жүргізіледі.

Кредит комитетінің Төрағасы Кредит комитетінің қызметіне басшылық етеді.

93. Кредит комитетінің Төрағасы болмаған кезде, оның өкілеттігі Кредит комитеті Төрағасының орынбасарына немесе Кредит комитеті мүшелерінің біреуіне жүктеледі.

94. Кредит комитетінің Хатшысы (дауыс алу құқығынсыз) Басқарма Төрағасының бұйрығымен тағайындалады.

95. Кредит комитеті отырыстарына қатысу қажет болған жағдайда Кредит комитеті мүшелерінің бастамашылығымен Қор және аймақтық филиал қызметкерлері шақырылуы мүмкін.

96. Кредит комитеті отырысының күн тәртібін Кредит комитеті Төрағасы, Кредит комитеті мүшелері, Қордың құрылымдық бөлімшелері басшылары ұсыныстарының негізінде Кредит комитетінің Хатшысы құрады, Кредит комитетінің Төрағасы оны бекітеді.

Кредит комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай, кемінде аптасына бір рет өткізіледі.

97. Қажет болған жағдайда Кредит комитетінің Төрағасы Кредит комитетінің кезекті отырысын ауыстыруға немесе кезектен тыс отырысын шақыруына болады.

98. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредит және қаржылай қолдаудың өзге түрлерін беруге байланысты мәселелерді тыңдау барысында, Кредит комитетінің мүшелері, қажет болған жағдайда, клиент-заемшыны отырысқа шақыра алады.

99. Кредит комитетінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Кредит комитетіне шығарылған мәселелер бойынша шешімдер отырыста қататысып отырған Кредит комитеті мүшелерінің жай көпшілік даусымен ашық дауысқа салу жолымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда, Кредит комитеті Төрағасының даусы шешуші болып табылады.

Кредит комитетінің шешімімен келіспеген жағдайда, Кредит комитетінің мүшесі айрықша пікірді хаттамаға кіргізуді талап етуге құқылы, ал Хатшы ондай пікірді хаттамаға кіргізуге міндетті.

100. Кредит комитетінің құзырына:

1) Жалғыз акционер анықтаған лимит шегінде шағын кәсіпкерлік субъектілері мен микроқаржы (микрокредит) ұйымдарына кредит беру және қаржылай қолдаудың өзге түрлерін ұсынуды мақұлдау (бас тарту) туралы мәселелерді шешу;

2) Қоғам Басқармасы үшін, Жалғыз акционер анықтаған лимит шегінде шағын кәсіпкерлік субъектілері мен микроқаржы (микрокредит) ұйымдарына кредит беру және қаржылай қолдаудың өзге түрлерін ұсынуды мақұлдау (бас

тарту) мәселелері бойынша ұсыныстар мен кепілдемелерді Басқарманың қарауына шығару;

3) Жалғыз акционер анықтаған лимит шегінде, шағын кәсіпкерлік субъектілері мен микроқаржы (микрокредит) ұйымдарына кредит және қаржылай қолдауды реструктуризациялау туралы мәселелерді шешу және Жалғыз акционер анықтаған лимит шегінде, шағын кәсіпкерлік субъектілері мен микроқаржы (микрокредит) ұйымдарына кредит және қаржылай қолдауды реструктуризациялау бойынша ұсыныстар мен кепілдемелерді:

кредит сомасы және қаржылай қолдаудың өзге түрлерін;

кредит ұсыну мерзімі мен қаржылай қолдаудың өзге түрлерін;

кредит сыйақылары ставкасы мен қаржылай қолдаудың өзге түрлерін;

кредитті пролонгациялау және қаржылай қолдаудың өзге түрлерін;

бұрын жасалған шарттар бойынша, қамтамасыз етудің әдісін ауыстыру;

бұрын жасалған шарттар бойынша, негізгі борышты өтеу /немесе сыйақы кестесін өзгертуді;

бұрын жасалған шарттар бойынша, жобаны жүзеге асыру орнын өзгертуді;

кредит және қаржылай қолдаудың өзге түрлерін мақсатты пайдаланылуын өзгертуді;

берілген кредит және қаржылай қолдаудың өзге түрлерінің шарттарын өзгертулерді;

проблемалық заемдармен байланысты мәселелерді Басқарманың қарауына шығару;

4) Басқарманың қарауына:

проблемалық заемдар бойынша өндіріп алуға сенімсіз берешекті есептен шығаруға қатысты мәселелер бойынша;

шағын кәсіпкерлік субъектілері мен микроқаржы (микрокредит) ұйымдарына кредит және қаржылай қолдаудың өзге түрлерінің лимитін белгілеу (бір заемшыға лимит; кредиттеу мерзімі бойынша лимиттер, қолданыстағы бағдарлама бойынша жалпы лимиттер) мәселелері бойынша ұсыныстар мен кепілдемелерді шығару;

101. Кредит комитеті үнемі Қоғамның несие портфелінің сапасы мен құрылымын жақсарту жұмысын жүргізеді.

102. Кредит комитеті Қоғамның кредит қызметі бойынша бастамашылық етуге және нормативті құжаттарды (ережелер, қағидаттар, регламенттер және т.б.) әзірлеуге құқылы.

15. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

103. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

104. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

105. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынышты және өз жұмысы туралы оған есеп береді.

16. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫ

106. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал атқарады және қоғам мен акционерлердің мүддесін асыра көрсететін әдістерді қолданады;

2) Қоғам мүлкін пайдаланбауы қажет немесе оны Жарғыға, Жалғыз акционер мен Директорлар Кеңесінің шешімдеріне қарсы әрекетте пайдалануға, сонымен қатар жеке мақсат үшін және өз аффилиирленген тұлғаларымен мәміле жасаған уақытта қиянат жасап пайдалануға жол бермеуі тиіс.

3) бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікпен қоса тәуелсіз аудит өткізудің жүйелерінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, Қоғам қызметі туралы ақпараттың ашылуын және ұсынылуын бақылайды;

5) өз жұмысын Қоғамда тоқтатқан уақыттан бастап, үш жыл бойына, егер Қоғамның ішкі құжаттарымен бөгде ештеме белгіленбеген болса, Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

107. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қоғам және акционер алдында өз әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) келтірген зияны үшін, оның ішінде:

1) жаңылыстыратын ақпарат, немесе біле тұра өтірік ақпарат бергені;

2) осы заң белгілеген ақпараттың беру тәртібін бұзу нәтижесінде тартқан шығындары үшін жауапты.

108. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері негізінде, Қоғам қоғамға келтірген зиян немесе шығындардың орнын толтыру туралы лауазымдық тұлғаға талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

109. Егер Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам органы қабылдаған шешімге, қоғам немесе акционерге шығын келтірген шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

17. ЕСЕП , ЕСЕПТІЛІК ЖӘНЕ АУДИТ

110. Бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік» туралы заңына сәйкес қаржылық есептіліктің Халықаралық стандартына бойынша жасалған және Қоғамның Директорлар Кеңесімен бекітілетін есеп саясатымен жүзеге асырылады

Жылдық қаржылық есептіліктің ішінде бухгалтерлік баланс, табыс және шығын туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, меншік капиталындағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірмехат бар.

111. Қоғам жылдық қаржылық есептілік (түсіндірмехаттан басқасын) пен аудиторлық есепті Жалғыз акционер бекіткеннен кейін, 30 (отыз) мың данадан асатын тиражбен 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

112. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі Жалғыз акционердің қарауына шығарған күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей, Қоғамның Директорлар Кеңесімен алдын ала бекітілуі тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүзеге асырады.

113. Қоғам жылдық қаржылық есептілік аудитін аудиторлық ұйымдардың есеп беру мерзімі белгіленген тәртіпте аяқталғаннан кейін, 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен кешіктірілмей өткізуі тиіс. Қоғамның қаржылық есептілік аудиті Қоғам есебінен Директорлар Кеңесінің, атқарушы органның бастамашылығымен немесе Жалғыз акционердің есебінен өзінің талабымен өтуі мүмкін, сонымен Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өзі анықтауға құқы бар. Аудит Жалғыз акционердің талабымен өткізілетін жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым талап ететін барлық қажетті құжаттарды (материалдарды) ұсынуға міндетті.

Егер Басқарма Қоғамның қаржылық есептілік аудитін өткізуден бас тартса, қызығушылығы бар кез-келген адамның талабы бойынша аудитті сот шешімімен тағайындауға болады.

114. Қоғамның статистикалық есебі мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативті құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

18. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ. ҚОҒАМ ҚҰЖАТТАРЫ

115. Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты Интернет желісіндегі қоғамның WEB-сайтында (_____) және (немесе) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасына және құнды қағаздар нарығын реттейтін және қадағалауды жүзеге асырушы мемлекеттік органның нормативті құқықтық актілеріне сәйкес анықталған мерзімді баспасөз басылымында жариялайды.

Қоғам Жалғыз акционердің өтінімі бойынша ол қызығушылық танытатын Қоғам қызметі туралы ақпаратты Жалғыз акционерге хабарлайды.

Қоғам қызметтік және коммерциялық құпиясы бар ақпараттан хабардар қызметкерлердің тізімін міндетті жүргізуді қамтамасыз етеді.

Жалғыз акционердің қызығушылық танытатын ақпараттарына мыналар:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар Кеңесімен қабылданған шешімдер, және қабылданған шешімдердің орындалғаны туралы ақпарат;

2) Қоғамның акциялары мен өзге құнды қағаздарының шығарылуы және Қоғамның құнды қағаздарын орналастыру қорытындысы туралы есептердің, Қоғамның өтелген құнды қағаздарының қорытындысы туралы

есептердің уәкілетті органдармен бекітілуі, уәкілетті органдардың Қоғамның құнды қағаздарының күшін жоюы;

3) Қоғамның ірі мәміле жасауы және Қоғамның өзінің қызығушылығы бар мәмілелерді жасауы;

4) Қоғамның өзінің меншік капиталының жиырма бес және көбірек пайызын құрайтын мөлшерде заем алуы;

5) Қоғам қызметінің қандай да бір түрін жүзеге асыру үшін лицензия алуы; Қоғам қызметінің қандай да бір түрін жүзеге асыру үшін бұрын алынған лицензиясының әрекет етуін тоқтатып қою және тоқтату;

6) Қоғамның заңды тұлғаны құруда қатысуы;

7) Қоғам мүлкіне тыйым салу;

8) төтенше сипаттағы жағдайлар нәтижесінде, баланстық бағасы Қоғам активінің жалпы мөлшерінің он және одан да көбірек пайызын құрайтын қоғам мүлкінің жойылуы;

9) Қоғамды және оның лауазымдық тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

10) Қоғамды еріксіз қайта құру туралы шешімдер;

11) Жарғыға сәйкес, Жалғыз акционердің мүддесіне қатысты өзге ақпарат.

116. Жалғыз акционердің мүддесіне қатысты Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну Заңға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

117. Басқарма шешімі бойынша Қоғам қызметіне қатысты құжаттарды Қоғам Басқармасы тұрған жердегі оның қызметінің барлық мерзімі бойында Қоғамда сақтауы тиіс.

Келесі құжаттар:

1) Жарғы, оған енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;

2) жалғыз құрылтайшының шешімдер, жалғыз құрылтайшының шешімдеріне енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;

3) Қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік;

4) Қоғамның статистикалық карточкасы;

5) Қоғамның қызметтің белгілі бір түрімен айналысуна және (немесе) белгілі бір әрекет жасауға берілген лицензиясы;

6) Қоғамның оның балансында жатқан (болған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

7) Қоғамның құнды қағаздарын шығару проспектілері;

8) Қоғамның құнды қағаздарын шығаруды мемлекеттік тіркеуге алғанын растайтын құжаттар, құнды қағаздардың күшін жою, сонымен қатар уәкілетті органға ұсынылған Қоғамның құнды қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындысы туралы есептерді бекіту;

9) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелер;

10) Жалғыз акционердің шешімі және оларға тиісті материалдар;

11) Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстарының шешімдері), Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібінде қарастырылатын мәселелер жөніндегі материалдар;

12) Басқарма отырыстарының хаттамалары (шешімдері);

13) корпоративті басқару кодексі сақталуы тиіс.

121. Өзге құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігі заңға сәйкес белгіленген мерзім бойына сақталады.

118. Қоғамның Жалғыз акционерінің талабы бойынша, Заңмен қарастырылған құжаттар көшірмесін Басқарма төрағасы бекіткен тәртіпте ұсынуға міндетті. Жалғыз акционерге белгілі «Құпия», «Қызметтік қолдану үшін» деген белгісі бар Қоғам қызметі туралы ақпарат жазбаша немесе басқа түрде үшінші тұлғаға берілуі мүмкін емес. Мұндай ақпараттан хабардар Жалғыз акционер оны құпия түрде сақтауы керек. Құпия ақпаратты ашу тек Басқарма Төрағасының рұқсатымен ғана мүмкін болады, қарсы жағдайда Жалғыз акционер Заңға сәйкес жауапкершілікте болады.

119. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар ұсынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін құнды қағаздар нарығына белгіленген тәртіпте реттеу және қадағалау жүргізіп отырған мемлекеттік органға ұсынады.

120. Қоғамның Жалғыз акционері мен лауазымды тұлғалары Басқарма Төрағасына өзінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты Жарғы бекітілгеннен кейін 15 күн ішінде, сонымен қатар аффилирлік пайда болғаннан бастап, 7 күн ішінде ұсынады.

Қоғамның Жалғыз акционері немесе лауазымды тұлғасы бұрын аффилирленген тұлға деп көрсетілген кісі, егер Қоғамның Жалғыз акционері немесе лауазымды тұлғасы бес күн ішінде Басқарма Төрағасын ол туралы хабардер еткен болса, онда ол аффилирленген тұлға деп есептелінбейді.

Аффилирленген тұлғалар туралы ақпарат Қоғамның Басқарма Төрағасына құнды қағаздар нарығына белгіленген тәртіпте реттеу және қадағалау жүргізіп отырған мемлекеттік орган бекіткен тиісті нысанда ұсынылады.

19. ҚОҒАМ МЕНШІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ

121. Қоғам меншігі мен оған тиесілі құқықтарды құқықтық қорғау заңға сәйкес жүзеге асырылады.

20. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ

122. Қоғамды қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу, қайта құрылу) заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

123. Қайта ұйымдастыру ерікті немесе мәжбүрлі түрде өтуі мүмкін.

124. Мәжбүрлі қайта ұйымдастыру заңнамада қарастырылған болса, сот органдарының шешімдерімен жүзеге асырылуы мүмкін.

21. ҚОҒАМДЫ ТАРАТУ

125. Қоғамды ерікті тарату туралы шешімді Заңнамаға сәйкес кредиторлармен келісе отырып, және олардың бақылауында болатын тарату рәсімін анықтайтын Жалғыз акционер қабылдайды.

126. Қоғамды мәжбүрлі тарату Заңнамада қарастырылған болса, сот органдарының шешімдерімен жүзеге асырылады.

Мүдделі тұлғалар Қоғамды тарату туралы талаппен, егер өзгедей заңнамада көзделмеген болса, сотқа жүгінулеріне болады.

127. Сот немесе Жалғыз акционер шешімімен Қоғамды тарату туралы тарату комиссиясы тағайындалады.

Тарату комиссиясы қоғамның таратылу және тізбегі заңнамада анықталған іс-әрекеттерді жасау мерзімі кезінде Қоғамды басқару құзырына ие. Ерікті таратылу кезінде тарату комиссиясының құрамына Қоғам кредиторының өкілдері, Жалғыз акционер өкілдері, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес өзге тұлғалар енулері қажет.

128. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі заңнамамен реттеледі.

Қоғамды тарату кезінде оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары заңнамамен белгіленген тәртіпте күшін жоюлары тиіс.


Таратылатын Қоғамның мүлкін тарату заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады..

22. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

129. Егер осы Жарғының кез-келген ережесі жарамсыз болған жағдайда, онда ол қалған ережелердің шындығына еш әсер етпейді. Жарамсыз ереже Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай болатын өзге ережелермен ауыстырылуы мүмкін.

130. Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап, күшіне енеді.

«Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры»
акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы


Амрин
Готман Исраилов
Г. Әмрин

16 ОКТ 2007

«.....»..... года Я, Хайбулда Өзімбек Ибадуллаулы,
нотариус г.Алматы, действующий на основании лицензии №0000693
от 22.12.1999 г. выданной Министерством юстиции РК
свидетельствую подлинность подписи гр. Алишера Гасмана Жармолыча,
Рахмоновичи прежидателі ұйымында құрылыс
которая сделана в моем присутствии.
Личность подписавшего документ установлена.
Зарегистрировано в реестре за № 1-8121
Оплачено.....
Нотариус.....

